

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2020

УДК 378

А. Т. Бакирова, Н. А. Мейрамова

ҚАРАҒАНДА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «ФИЛОСОФИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕР МЕН ЖЕТИСТИКТЕР

ҚМУ Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының стажер-оқытушы (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада Қарағанды медицина университетінде философияны оқыту әдіснамасын жаңғыртудың тәжірибелесі қарастырылады. Ол Қазақстандағы университеттік білім беру стратегиясына сәйкес жүзеге асырылуда. Авторлар университеттің миссиясы туралы қазіргі түсінігінде прагматизм мен либерализмнің бірлігін атап көрсетеді. Қазақстанның университеттерде философияны оқыту әдіснамасын жаңғыртудың міндепті – оны оқу пәні ретінде және сонымен бірге ойлау тәсілі ретінде жүзеге асыру». Ойға емес, ойлануға үйрету қажет» - деген Канттың идеясы жетекшілікке алынады. Авторлардың пікірінше, философия пәнінен жаңа типтік бағдарлама құрылымы жағынан білімнің постклассикалық емес парадигмасына сәйкес келеді. Оның әдіснамалық негізін синергетикалық тұрғыдан қарау құрайды. Мақалада Қарағанды медицина университетіндегі студенттердің білімін қортынды бақылау нысаны ретінде тестілеуден бас тарту және оны эссе жазумен аудиностыру тәжірибесіне талдау жүргізіледі.

Кілт сөздер: Рухани жаңғыру, қоғамдық гуманитарлық пәндер, әдістер, оку үрдісі, оқытудың белсенеңді түрлері, педагогикалық технология, рухани сана

Адамның жеке басының еңбек ететін саналы азамат, ұлттық тұлға болып қалыптастында жан тәрбиесі мен тән тәрбиесі маңызды орын алады. Жеке адам тәрбиесіндегі негізгі факторлар – отбасы мен оқу орындар-дағы оқутәрбие жұмысы, сондықтан оның процестерін рухани санасын қалыптастыру негізінде ұйымдастырудың мәні өте зор. Сондықтан мақаламызда оқу процесінің, оның теориялық және тәжірибелік жақтарын ашуды мақсат еттік. Жастардың бойындағы рухани сана қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі жұмыстың басты өзегі болды. Мақала жазу барысында оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесі жас ұрпақтың сана-сезіміне, ұлттық рухына, қоғаммен қарым-қатынасын және мінезд-құлқын реттеуге бағытбағдар жасадық.

Осыған орай философия пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаты студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызыметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру, білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманың жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруіне ықпал ету [4].

Осы пәнді оқыту барысында студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық

және шығармашылық дағдыны дамыту жүзеге асырылды.

Философия пәнін менгеру барысында білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады: философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттауға, нақты дүниені философия-лық зерделеудің ерекшелігін түсіндіруге, дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеуге, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасауға, негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеуге, қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселе-леріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеуге үйрәнді.

Философия пәні негізінде алған білімдерін білім алушы тарапынан рефлексивті көзқарас тәсіліне негізделген студенторталықтандырылған оқыту, біліктілікке бағытталған оқыту, әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары, кейс-стадиялар (нақты жағдаяттарды сараптау), жобалар әдісі және эссе ой-толғам әдістері арқылы іске асырды.

Оқытушылар осы мәселе бойынша мынандай жұмыстар атқарады: мәселелі және шолу дәрістерді толықтырады, тәжірибе және ОСӘЖ сабактарында TBL, PrBL, RBL белсенеңді оқыту әдістерін қолдана отырып «дәңгелек үстел», «пресс-конференция», рөлдік және іскерлік ойындарының элементтері қолданады, пікірталас ұйымдастырады, ғылыми жоба қорғау мен мақала жазу жолдарына жетекшілік

Медицинское и фармацевтическое образование

етеді, нақты-қолданбалы әлеуметтік зерттеудерді жүргізуге, бағдарламалармен анкеталарды құрастыруға, кейс дайындауға бағдар береді.

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің кітапханасына студенттердің дүниетанымын көнектігепе бағытталған жаңа оқулықтар түсті. Олар философия пәні бойынша: сәр Энтони Джон Патрик Кеннедің 2 томдық «Батыс философиясының жаңа тарихы», Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы», Дерек Джонстонның «Философия қысқаша тарихы», Алан Барнардтың «Антропология тарихы мен теориясы». Көрсетілген кітаптар тәмемдегідей мәселелерді қамтиды. Тарихи баянның тақырыптық арқауы философияда туындаған сауалдарды келесі екі мыңжылдық-қа мұра етіп кеткен және әр кезендегідей дәл бүгін де ықпалы бәсекісімен екі үлкен тұлға – Платон мен Аристотельге негізделген [1]. Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі философия тарихын қамтываған жинақ адамзат ақыл-ойының құнарлы нәрі мен көркем табиғатына ендіден қоя бастаған жас қауымға даналық мәйегін түсінікті де тартымды тілмен баяндайды [3]. Христиандық және исламдық ой-сананың негізін салушылардан бастап, Қайта өрлеу дәүіріне дейінгі аралықты қамтитын кезеңді баяндау арқылы жалғастырады. Ақыл-оидың кемелденуі XIII және XIV ғасырда Акуинолық Томас пен Джон Дунс Скот сынды тұлғалардың арқасында шарықтау шегіне жетті. Көшілік оқырманға арналғанымен, осы оқулықтардағы философтардың ойларын терең талдайтын әңгімелері, ең алдымен, Батыс философиясына ден қойып жүрген студенттерге қызық болмақ [5]. Антропология ғылымының қалыптасу тарихын, ондағы эволюция теориясы туралы тұжырымдарды, диффузионистік және тарихимәдени аймақтар теорияларын, функционализм және құрылымды-функционализм, әрекетке негізделген теорияларды, процессуалдық және маркстік көзқарастағы зерттеулерді, релятивизм, структурализм мен постструктураллизмнің түрлі салаларын және енді ғана қалыптасып жатқан интерпретациялық және постмодернистік көзқарастарға қатысты тақырыптарды көнінен қамтываған [2].

2019-2020 оқу жылында жемқорлықпен күрес мақсатында Қарағанды медицина университетінің басшылығының шешімімен қорытынды бақылаудағы тестілеу әдісін жазбаша әссе ой-толғам ретінде негіздеуге ауыстыру үйіншілді. Осыған орай Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасында еткізілетін пәндер қатарынан қорытынды

бақылауды әссе түрінде өткізуға философия пәні таңдалып алынды. Себебі білім алушылар философия пәнін оқи отырып, өз ой-толғамдарын негіздеуге үйренеді.

Біздің алға қойған мақсатымызды жүзеге асыруға кейінгі кездегі мемлекетіміздегі төтенше жағдай кедергі келтіре алған жоқ. Қашықтан оқыту негізінде философия пәні жоспарланған оқу бағдарламасы бойынша жүйелі түрде игерілді. Емтихан сұрақтары ретінде мына тақырыптар берілді: Философия дегеніміз не, ол қандай «мәңгілік» мәселелерді шешеді? Осыған байланысты Сізге қандай ой-толғамдар ұнады, талдаңыз. Философия саласындағы білімдерінің қолданып, өз ойыңызды негізденіз.

Сана – ол адамзатқа берілген тылсым және құдіретті сый. Философияда сана, сана-сызыдық, өзіндік сана туралы қандай түсініктер бар?

«Болмыс» және «болмыс емес» категорияларының жан-жақтылығы қандай? Материя, көністік және уақыт ұғымдарына философиялық көзқарастар эволюциясы.

Әлемді тануға болады ма? Осы мәселе философияда қалай қарастырылды? Осыған қатысты Сіз не ойлайсыз?

Абайдың 31 сөзінде «Естіген нәрсені ұмытпастыққа тәрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғы керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көнілге бекіту керек; төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-құлқішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл тәрт нәрсе - құллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Ал Сіз осы туралы не ойлайсыз? Абайдың көзқарасымен келісесіз бе? Философия саласында біліміңізді қолданып, әсеппайымдау жазу барысында өз жауабыңызды негізденіз.

Н. Бердяев жазды: «философия адам құпиясы шешілсе – яғни болмыс құпиясының шешілгендейдің деген санаға үнемі оралады».

Адам деген не? Осыған қатысты философияда қандай ұстанымдар бар?

Спиноза «еркіндік – ол саналы қажеттілік» деп санады, ал сіз осыған орай не ойлайсыз? Философияда тараған әр түрлі пікірлерді қолданып өз ой-толғамыңызды негізденіз.

Камю және Франк өмірдің мәні берілген жоқ, ол тағайындалған, өмірдің мәні біздің

ішімізде болуы тиіс. Осыған қатысты Сіз не ойлайсыз? Өмірдің мәні мәселесі бойынша философияда қандай ұстанымдар бар?

И. Канттың адамгершілік императиві, әр түрлі философтардың адамгершілік ережелері, олардың мәні неде?

О. Шпенглер өркениетте тірі ағзалар секілді адамның барлық өмір сүру кезеңін басынан өткізеді деп жазды, оны қалай түсінесіз? Философиялық түрғыдан өркениет ұфымы, оның ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары туралы тағыда қандай көзқарастар бар?

Қорытынды бақылауды студенттер он-лайн түрде эссе жазу арқылы сәтті тапсырды.

Жеке адам тәрбиесіндегі негізгі факторлар – отбасы мен оқу орындардағы оқутәрбие жұмысы, сондықтан оның процестерін рухани санасын қалыптастыру негізінде ұйымдастырудың мәні ете зор. Сондықтан, мақаламызда оқу процесінің, оның теориялық және тәжірибелік жақтарын ашуды мақсат еттік. Жастардың бойындағы рухани сана қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негізі жұмыстың басты өзегі болды. Мақала жазу барысында оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесі жас ұрпақтың сана-сезіміне, ұлттық рухына, қоғаммен қарым-қатынасын және мінездүлкүлкін реттеуге бағыт-бағдар жасады.

ӘДЕБІЕТ

1 Барнард А. Антропология тарихы мен теориясы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 36 б.

2 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы, 2018. – 128 б.

A. T Bakirova, N. A. Meiramova

METHODS AND ACHIEVEMENTS IN DISCIPLINE «PHILOSOPHY» TEACHING IN KARAGANDA MEDICAL UNIVERSITY
Department of history of Kazakhstan and social-political disciplines of Karaganda Medical University
(Karaganda, Kazakhstan)

The article discusses the experience of modernizing the methodology of teaching philosophy at the Medical University of Karaganda. It is implemented in accordance with the development strategy of university education in Kazakhstan. The authors emphasize the unity of pragmatism and liberalism in the modern understanding of the mission of the university. The task of modernizing the methodology of teaching philosophy in Kazakhstan universities is to implement it both as an educational discipline and as a way of thinking. The leading idea of Kant is put forward «not thoughts need to be taught, but thought». According to the authors, the new model program in philosophy for Kazakhstan universities in its structure corresponds to the post-non-classical paradigm of knowledge. Its methodological basis is a synergistic approach. The article analyzes the experience of refusing testing and replacing it with writing an essay as a form of the final control of students' knowledge of philosophy at the Medical University of Karaganda.

Key words: Rukhani zhangyru, social and humanitarian disciplines, methods, educational process, active forms of learning, pedagogical technology, spiritual consciousness

3 Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы, 2018. – 58 б.

4 Мухатаева Г. А., Мейрамова Н. А. Медициналық ЖОО-дағы білім жүйесінде қоғамдық гуманитарлық пәндер бойынша өткізілетін сабактың түрлері мен әдістері туралы // Медицина и экология. – 2017. – №3 (84). – С.109-114.

5 Хесс Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 55 б.

REFERENCES

1 Barnard A. Antropologija tarihy men teorijasy. – Almaty: Ұлттық audarma bjurosy, 2018. – 36 b.

2 Kenni Je. Batys filosofijasynuң zhaңa tarihy, 1 tom, Antika filosofijasy. – Almaty, 2018. – 128 b.

3 Kenni Je. Batys filosofijasynuң zhaңa tarihy, 2 tom, Orta ғasyr filosofijasy. – Almaty, 2018. – 58 b.

4 Muhataeva G. A., Mejramova N. A. Medicinalnyk ZhOO-dagy bilim zhyjesinde qofamdyk gumanitarlyk pender bojynsha etkiziletin sabaqtyndың tyrleri men adisteri turaly //Medicina i jekologija. – 2017. – №3 (84). – S.109-114.

5 Hess R. Filosofijanyң taңdauly 25 kitalby. – Almaty: Almaty: Ұlттық audarma bjurosy, 2018. – 55 b.

Поступила 05.06.2020 г.

Медицинское и фармацевтическое образование

А. Т. Бакирова, Н. А. Мейрамова

МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ФИЛОСОФИЯ» В КАРАГАНДИНСКОМ МЕДИЦИНСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ

Кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин Карагандинского медицинского

университета (Караганда, Казахстан)

В статье рассматривается опыт модернизации методологии преподавания философии в медицинском университете Караганды. Она осуществляется в соответствии со стратегией развития университетского образования в Казахстане. Авторы выделяют единство прагматизма и либерализма в современном понимании миссии университета. Задача модернизации методологии преподавания философии в казахстанских университетах заключается в реализации ее и как учебной дисциплины, и как способа мышления. Выдвигается руководящая идея Канта «не мыслям надоцно учить, а мыслить». По мнению авторов, новая типовая программа по философии для казахстанских вузов по своей структуре соответствует постнеклассической парадигме знания. Ее методологической основой является синергетический подход. В статье анализируется опыт отказа от тестирования и замены его написанием эссе в качестве формы итогового контроля знаний студентов по философии в Медицинском университете Караганды.

Ключевые слова: Рухани жангыру, общественно-гуманитарные дисциплины, методы, учебный процесс, активные методы обучения, педагогическая технология, духовное сознание